**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 11 қазандағы № 433 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17646 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы А.Д. Құрманғалиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* | *М. Әбілқасымова* |

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар
министрі
____________ Д. Абаев
2018 жылғы ________________
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары-Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
______________Ө. Шөкеев
2018 жылғы ________________
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
______________Е. Сағадиев
2018 жылғы ________________
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
______________Ә. Смайылов
2018 жылғы ________________
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
___________________ Н. Айдапкелов
2018 жылғы ________________

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 433 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2023 № 181 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 943 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12627 тіркелген, "Әділет" нормативті-құқықтық актілер ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 20 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларында:

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

1. Осы нормаларда көзделген арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және жеке қорғану құралдарын осы нормаларда ескерілген кию мерзімімен, қорғау қасиеттері және гигиеналық сипаттамалары бойынша ұқсас басқа маталардан және материалдардан арнайы киімге, арнайы аяқ киімге және жеке қорғану құралдарына ауыстыруға рұқсат етіледі.

2. Жеке қорғану құралдарының тозуы қызмет мерзімінің кезеңіне құнының төмендеуімен, олар жасаған материалдардың бастапқы сапаларының жоғалуымен сипатталатын жеке қорғану құралдарының физикалық тозуымен айқындалады.

Көрсетілген жеке қорғану құралдарының жарамдылық мерзімін, оның ішінде олардың тозу пайызын, ұйымның еңбекті қорғау жөніндегі комиссиясы немесе жұмыс берушінің уәкілетті лауазымды тұлғасы белгілейді.

3. "Кезекші" кию мерзімімен беру нормаларында ескерілген арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғану құралдары жекелеген жұмыс түрлерін орындағанда кезекті қолдану үшін беріледі.

Ортақ пайдаланатын кезекші арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғану құралдары қызметкерлерге тек берілген жұмыстарының орындалу уақытына ғана беріледі және белгілі бір жұмыс орындарына бекітіледі және бір ауысымнан екінші ауысымға тапсырылады.

Кезекші ретінде берілетін жеке қорғану құралының кию мерзімін еңбек сипаты мен жағдайларына байланысты ұйымның еңбекті қорғау жөніндегі комиссиясы немесе жұмыс берушінің уәкілетті лауазымды тұлғасы бекітеді. Көрсетілген мерзімдер аталған өндірістің қызметкерлері үшін берілетін жеке қорғану құралдарының кию мерзімінен кем болмауға тиіс.

4. Өз қызметтерінің түрі бойынша өндірістік цехтарға және бөлімшелерге барып тұруға міндетті инженерлік-техникалық қызметкерлерге, бригадирлерге, бригадирлердің міндетін орындайтын шеберлерге, көмекшілерге және қолғанат жұмысшыларға арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғау құралдарын

осы цехтар мен бөлімшелердің негізгі кәсіптегі жұмысшылары үшін нормалар бойынша беріледі.

5. Жылы арнайы киім және арнайы аяқ киім суықтан қорғау құралы ретінде, кестеде көрсетілген кию мерзімімен арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру нормасында көрсетілген кәсіптер мен лауазымдар бойынша жұмысшыларға және қызметшілерге климаттық белдеу бойынша беріледі:

| Климаттық белдеу | Облыстың атауы | Кию мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | Алматы облысы | 3 жыл |
| | Жамбыл облысы | |
| | Қызылорда облысы | |
| | Түркістан облысы | |
| 2 | Ақтөбе облысы | 2,5 жыл |
| | Шығыс Қазақстан облысы (50Yс.е. оңтүстікке қарай) | |
| | Атырау облысы | |
| | Маңғыстау облысы | |
| | Қостанай облысы (50Y с.е. оңтүстікке қарай) | |
| | Батыс Қазақстан облысы | |
| 3 | Шығыс Қазақстан облысы (50Y с.е. солтүстікке қарай) | 2 жыл |
| | Қарағанды облысы | |
| | Солтүстік Қазақстан облысы | |
| | Павлодар облысы | |
| | Қостанай облысы (50Y с.е. солтүстікке қарай) | |
| | Ақмола облысы | |

6. Биік таулы аудандарда тұрақты жұмыс істегенде: теңіз деңгейлерінің үстінде 1000-2000 метр аралығындағы биіктікте жылы арнайы киім және арнайы аяқ киімі 3 климаттық белдеудің аудандары үшін белгіленген кию мерзіміне беріледі.

7. Тиісті нормада ескерілген шолақ тондарды 1 климаттық белдеуде кию мерзімі 3 жыл, жылы түймеленетін астары бар төменгі температурадан қорғайтын, тері жағасы, желден қорғайтын клапаны және капюшоны бар курткаға ауыстыруға болады.

8. 3 климаттық белдеуде және арнайы киім ретінде шолақ тондар алмайтын ашық ауада жұмыс істейтін қызметкерлер 1 жыл кию мерзімімен жылы іш киіммен қосымша қамтамасыз етілуге тиіс.

9. Жеке қорғану құралдарының мынадай түрлерін: кеудеше, сигналдық биялай, диэлектрлік кебіс және биялай, диэлектрлік резеңке кілемше, қорғаныш көзілдірік, қорғаныш каска, каска астынан киетін бас киім, сақтандыру белдігі, противогаз, респиратор, қорғаныш қалқанша, құтқаратын кеудеше, белдік және костюмдер, сақтық жүйелер, ауыстыру сүзгілері бар маскалар мен жартылай маска, құлақша, тізеқаптар,

газанализаторлар, эвакуациялық көлік, жекелегіш противогаздарды тиісті нормаларда көрсетілмеген жағдайларда кию мерзімімен "тозғанша" немесе "кезекші" ретінде атқарылатын жұмыс ерекшеліктері мен шарттарын есепке ала отырып жұмыс беруші қызметкерлеріне береді.

10. Қансорғыш шыбын-шіркейлер жаппай ұшып келуі байқалатын аудандарда сыртқы жұмыстарда істейтін барлық кәсіп қызметкерлеріне тиісті нормада ескерілген арнайы киімге қосымша қансорғыш шыбын-шіркейлерден қорғауға арналған костюм немесе қорғаныш тоқыма киім (сыртқы жейде жұқа қорғайтын матадан, ішкі жейде қалың матадан, арнайы сіңдірілген басқа арналған жамылғы) кию мерзімі – 2 жыл, кию мерзімі – 1 жыл масахана беріледі.

Энцефалиттік кене таралған аудандарда сыртқы жұмыстарда істейтін барлық кәсіп қызметкерлеріне осы нормада ескерілген арнайы киімге қосымша, кию мерзімі 1 жыл энцефалитке қарсы костюм беріледі.".

3. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.03.2020 № 101 (01.01.2020 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

4. "Жұмыс күшіне болжамды қажеттіліктерді айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 562 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14123 тіркелген, "Әділет" нормативті-құқықтық актілер ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 19 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс күшіне болжамды қажеттілікті айқындау әдістемесінде:

1-2-қосымшаларын осы тізбеге 2-3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменттері ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 427 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16157 тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіде 2018 жылы 8 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменттері лауазымды адамдарының жұмысы туралы мәлімет" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
және әлеуметтік даму
министрінің
өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 17.03.2020 № 101 (01.01.2020 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
және әлеуметтік даму
министрінің
өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Жұмыс күшіне болжамды
қажеттіліктерді айқындау
әдістемесінің
1-қосымшасы

Нысан

**________________________________________________________________________ ***

**облысы, Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша орта мерзімді кезеңге Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды деректері бойынша мәліметтер (экономика салалары бойынша еңбек өнімділігі, жалпы қосылған құн)**

| Р/с № | Сала | Жалпы қосылған құн, % | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Ауыл, орман және балық шаруашылығы | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу | | | | | | | |
| 3 | Өңдеуші өнеркәсіп | | | | | | | |
| 4 | Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау | | | | | | | |
| 5 | Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау және бөліп таратуды бақылау | | | | | | | |
| 6 | Құрылыс | | | | | | | |
| 7 | Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу | | | | | | | |
| 8 | Тасымалдау және қоймаға жинау | | | | | | | |
| 9 | Ақпарат және байланыс | | | | | | | |
| 10 | Жылжымайтын мүлік операциясы | | | | | | | |
| 11 | Өзге де көрсетілетін қызметтер | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Еңбек өнімділігі, % |
|---|

| 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| | | | | | | |

* Көрсеткіштерді әрбір облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша ұсыну қажет

**Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көлемі, еңбек өнімділігі, жұмыспен қамтылғандардың саны туралы мәліметтер, миллион теңге**

| Өңірлер | ЖӨӨ, млн теңге | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
| Барлығы, оның ішінде : | | | | | | | |
| Ақмола облысы | | | | | | | |
| Ақтөбе облысы | | | | | | | |
| Алматы облысы | | | | | | | |
| Атырау облысы | | | | | | | |
| Батыс Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Жамбыл облысы | | | | | | | |
| Қарағанды облысы | | | | | | | |
| Қостанай облысы | | | | | | | |
| Қызылорда облысы | | | | | | | |
| Маңғыстау облысы | | | | | | | |
| Түркістан облысы | | | | | | | |
| Павлодар облысы | | | | | | | |
| Солтүстік Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Шығыс Қазақстан облысы | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астана қаласы | | | | | | | |
| Алматы қаласы | | | | | | | |
| Шымкент қаласы | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| өсу қарқыны, % | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
| | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Еңбек өнімділігі | мың теңге/адам | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
| Барлығы, оның ішінде : | | | | | | | |
| Ақмола облысы | | | | | | | |
| Ақтөбе облысы | | | | | | | |
| Алматы облысы | | | | | | | |
| Атырау облысы | | | | | | | |
| Батыс Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Жамбыл облысы | | | | | | | |
| Қарағанды облысы | | | | | | | |
| Қостанай облысы | | | | | | | |
| Қызылорда облысы | | | | | | | |
| Маңғыстау облысы | | | | | | | |
| Түркістан облысы | | | | | | | |
| Павлодар облысы | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Солтүстік | | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Шығыс Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Астана қаласы | | | | | | | |
| Алматы қаласы | | | | | | | |
| Шымкент қаласы | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| өсу қарқыны, % | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
| | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Жұмыспен қамтылғандардың саны | мың адам | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
| Барлығы, оның ішінде: | | | | | | | |
| Ақмола облысы | | | | | | | |
| Ақтөбе облысы | | | | | | | |
| Алматы облысы | | | | | | | |
| Атырау облысы | | | | | | | |
| Батыс Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Жамбыл облысы | | | | | | | |
| Қарағанды облысы | | | | | | | |
| Қостанай облысы | | | | | | | |
| Қызылорда облысы | | | | | | | |
| Маңғыстау облысы | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Түркістан облысы | | | | | | | |
| Павлодар облысы | | | | | | | |
| Солтүстік Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Шығыс Қазақстан облысы | | | | | | | |
| Астана қаласы | | | | | | | |
| Алматы қаласы | | | | | | | |
| Шымкент қаласы | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| өсу қарқыны, % | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20_ жыл Нақты | 20_ жыл Бағалау | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам | 20_ жыл Болжам |
| | | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
және әлеуметтік даму
министрінің
өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Жұмыс күшіне болжамды
қажеттілікті айқындау
әдістемесіне
2-қосымша

Нысан

## Өңірлер бөлінісінде бітірушілердің білім деңгейі бойынша бес жылға түлектердің болжамды саны

(адам)

| Р/с № | Көрсеткіш/ облыс | 20__ | 20__ | 20__ | 20__ | 20__ | 20__ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | ЖОО, колледждер ге, | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | мектептерге оқушылар қабылдау саны, барлығы оның ішінде: | | | | | | |
| 1.1 | Ақмола облысы | | | | | | |
| 1.2 | Ақтөбе облысы | | | | | | |
| 1.3 | Алматы облысы | | | | | | |
| 1.4 | Атырау облысы | | | | | | |
| 1.5 | Батыс Қазақстан облысы | | | | | | |
| 1.6 | Жамбыл облысы | | | | | | |
| 1.7 | Қарағанды облысы | | | | | | |
| 1.8 | Қостанай облысы | | | | | | |
| 1.9 | Қызылорда облысы | | | | | | |
| 1.10 | Маңғыстау облысы | | | | | | |
| 1.11 | Түркістан облысы | | | | | | |
| 1.12 | Павлодар облысы | | | | | | |
| 1.13 | Солтүстік Қазақстан облысы | | | | | | |
| 1.14 | Шығыс Қазақстан облысы | | | | | | |
| 1.15 | Астана қаласы | | | | | | |
| 1.16 | Алматы қаласы | | | | | | |
| 1.17 | Шымкент қаласы | | | | | | |
| | ЖОО-ларды, колледждерді, мектептерді | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | бітірушілердің саны, барлығы оның ішінде: | | | | | | |
| 2.1 | Ақмола облысы | | | | | | |
| 2.2 | Ақтөбе облысы | | | | | | |
| 2.3 | Алматы облысы | | | | | | |
| 2.4 | Атырау облысы | | | | | | |
| 2.5 | Батыс Қазақстан облысы | | | | | | |
| 2.6 | Жамбыл облысы | | | | | | |
| 2.7 | Қарағанды облысы | | | | | | |
| 2.8 | Қостанай облысы | | | | | | |
| 2.9 | Қызылорда облысы | | | | | | |
| 2.10 | Маңғыстау облысы | | | | | | |
| 2.11 | Түркістан облысы | | | | | | |
| 2.12 | Павлодар облысы | | | | | | |
| 2.13 | Солтүстік Қазақстан облысы | | | | | | |
| 2.14 | Шығыс Қазақстан облысы | | | | | | |
| 2.15 | Астана қаласы | | | | | | |
| 2.16 | Алматы қаласы | | | | | | |
| 2.17 | Шымкент қаласы | | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің және
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
және әлеуметтік даму
министрінің

өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2017 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 427 бұйрығына қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменттері лауазымды адамдарының жұмысы туралы мәлімет**

Есептік кезең 20__ жылғы ______ тоқсан
Индексі: 1-МБ
Кезеңділік: тоқсан сайын

Мәліметтерді ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменттері

Мәліметтер қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Ұсыну мерзімі: есептік тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне, тоқсан сайын

| № | Көрсеткіштердің атауы | ағымдағы жылы | | өткен жылы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 20__жылы | | 20__жылы | |
| | | есептік кезең | жылдың басынан бері | есептік кезең | жылдың басынан бері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті лауазымды адамдарының саны, адам | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | тексерулер саны, оның ішінде: | | | | |
| | 1) іріктелген; | | | | |
| | 2) жоспардан тыс | | | | |
| 3 | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінде тіркелмеген тексерулер саны, оның ішінде: | | | | |
| | 1) құқық қорғау органдарының бастамасымен; | | | | |
| | 2) тексерілетін субъектінің бастамасымен; | | | | |
| | анықталған/жойылған бұзушылықтар саны, оның ішінде: | | | | |
| | 1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы; | | | | |
| | 2) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту шараларының орындалмауы; | | | | |
| 4 | 3) мүгедектерді әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне, мәдени-ойын-сауық ұйымдарына | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және спорт ғимараттарына қолжетімділікті қамтамасыз етпеу; | | | | |
| | 4) арнаулы әлеуметтік қызмет туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы; | | | | |
| | 5) стационар жағдайында; | | | | |
| | 6) жартылай стационар жағдайында; | | | | |
| | 7) үйде қызмет көрсету жағдайында; | | | | |
| | 8) уақытша болу жағдайында; | | | | |
| 5 | берілген нұсқамалардың саны, оның ішінде: | | | | |
| | 1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында; | | | | |
| | 2) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету аясында | | | | |
| 6 | құқық қорғау органдарына жіберілген материалдың саны, оның ішінде: | | | | |
| | 1) ішкі істер органдарына; | | | | |
| | 2) прокуратура органдарына; | | | | |
| | 3) соттарға | | | | |
| | салынған әкімшілік айыппұлдардың саны, оның ішінде: | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында; | | | | |
| | 2) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету аясында; | | | | |
| 8 | салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы, мың теңге, оның ішінде: | | | | |
| | 1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында, мың теңге; | | | | |
| | 2) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету аясында, мың теңге; | | | | |
| | 3) олардың ішінде төленгені, мың теңге | | | | |
| 9 | күші жойылған актілердің, нұсқамалардың, қаулылардың саны, оның ішінде: | | | | |
| | 1) прокуратура органдары; | | | | |
| | 2) соттар | | | | |
| 10 | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті лауазымды адамдарының | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заңсыз әрекеттеріне шағымдардың ( өтініштердің) саны | | | | |
| | оның ішінде: расталғандары | | | | |
| 11 | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті лауазымды адамдарының тәртіптік жауапкершілікке тартылғандарының саны: | | | | |
| | 1) ескерту; | | | | |
| | 2) сөгіс; | | | | |
| | 3) қатаң сөгіс; | | | | |
| | 4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе мемлекеттік лауазымын төмендету; | | | | |
| | 5) атқаратын мемлекеттік лауазымынан босату | | | | |

Басшы ____________________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Орындаушы ________________________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Орындаушының телефоны ____________________________________________

Ұйымның мекенжайы ________________________________________________

Ұйымның телефоны _________________________________________________

М.О.

Ескертпе: "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменттері лауазымды адамдарының жұмысы туралы мәлімет" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК